



Автор: Алкуатова Айгул Шоферовна
Пән: Әдебиеттік оқу
Сынып: 3-сынып
Бөлім: Өнер
Тақырып: Сурет салу – өнер

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	3.3.3.1 – шығармашылық жұмысын сурет түрінде ұсыну. 3.3.4.1 – мұғалімнің көмегімен қателерді табу және түзету.
Сабақтың мақсаты:	Барлық оқушылар: мәтіннің тақырыбын анықтай алады, негізгі ойды табады. Көптеген оқушылар: шығармашылыққа негізделген сұрақтар қояды. Кейбір оқушылар: берілген тақырып бойынша ой қорыту жасай алады.
Бағалау критерийлері:	• мәтіннің тақырыбын анықтай алады, негізгі ойды табады. □ • шығармашылыққа негізделген сұрақтар қояды. □ • берілген тақырып бойынша ой қорыту жасай алады.
Құндылықтарды дарыту:	Оқуға, білімге деген қызығушылығын арттырып, еңбекке баулу. Жеке және топта жұмыс жасай алу, ынтымақтастық.
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Интернет-ресурстар, дерекқордан және интернеттен сабаққа қатысты ақпаратты іздеу
Пәнаралық байланыс:	Дүниетану, қазақ тілі.
Бастапқы білім:	5-тарау өткен төрт тараудан(1-4) алынған білім мен дағдыларға сүйенеді. Оқушылар алдыңғы өткен құрылымды (шығарма кейіпкерлерінің іс-әрекетіне баға беруді, мәтін бойынша өздігінен сұрақтар құрастырып, мүмкін болатын жауаптарды болжап, жоспар құруды үйрену) ұстанып, әңгімелерді жоспарлап, мазмұнын айта және өз ойын жаза алуы керек.

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
-----------------	------------------------	-----------

Сабақтың басы	Жаңа топ құру Психологиялық ахуал қалыптастыру. « Суреттерді аяқтайық » жаттығуы Мақсаты : Оқушылардың логикалық ойлауын , көру арқылы есте сақтауын , ойша жұмыс істей білуін дамыту . Алдын-ала тақтаға мысықтың және қоянның құлақтары салынған плакат ілініп дайындалады . Оқушылардың көздері шарфпен байланады да , олар кезек-кезекпен шығып , бірі 24-09-2018 24-09-2018 , бірі аяғын салады , осылайша жалғаса береді . Image not found or type unknown Геометриялық фигуралар арқылы Ортаға 3 түрлі геометриялық фигуралар (үшбұрыш, төртбұрыш, тіктөртбұрыш) Оқушылар өздеріне ұнаған фигураны алып, сол бойынша топтасады. Немесе сол фигуралардың артына өтілген тақырыптарбойынша терминдер жазып қоюға болады. Жұмыс ережесін келісу • Сабақта бір-бірімізді сыйлаймыз, тыңдаймыз! • Уақытты үнемдейміз! • Нақты, дәл жауап береміз! • Сабақта өзіміздің шапшаңдығымызды, тапқырлығымызды көрсетеміз! • Сабаққа белсене қатысып, жақсы баға аламыз! Алдыңғы білімді еске түсіру (ұжымда) «Балмұздақ таяқшасы» әдісі арқылы үй жұмысын сұрау. ҚБ: Отшашу арқылы бір-бірін бағалау. Оқу мақсатын таныстыру. Күтілетін нәтижені анықтау	Оқушыларды топтарға бөлуге арналған суреттер. Сұраққа жауап берген оқушыны мадақтау, толықтыру жасау, тиімді кері байланыс орнату. Алдыңғы білімді еске түсіру тапсырмалары
Сабақтың ортасы	Ширату тапсырмасы. Тыңдалым. А. Шаяхметов. Сурет салу – өнер. Тапсырма Сен сурет салуды ұнатасың ба? «Туған жерге қыс келді» деген тақырыпта қандай сурет салатыныңды айт. Бейнеле. 1-тапсырма. Берілген үзінділердің қайсысына сурет салар едің? Қиялыңды қозғап, қарындашты қолға ал. Белсенді оқу тапсырмалары(топта, ұжымда) «Көршіңе әңгімелеп бер» Бұл әдіс оқушылар өз ойларын дауыстап айтып беру үшін пайдаланылады. Сұрақ қойыңыз, ойластыруға уақыт беріңіз, одан кейін оқушылардан өз ойларын көршілерімен бөлісуді сұраңыз, оқушыларға жаңа тақырыпты айтыңыз және осы тақырып бойынша өздері білетін барлық жағдайды көршісіне айтуын ұсыныңыз. Дескриптор: □ * мәтіннің тақырыбын анықтай алады, негізгі ойды табады. □ * шығармашылыққа негізделген сұрақтар қояды. * берілген тақырып бойынша ой қорыту жасай алады. ҚБ: Бас бармақ арқылы бір-бірін бағалау. Жұмыс дәптеріндегі жазылым тапсырмаларын орындау	Тапсырманы орындаған оқушыны мадақтау,толықтыру жасау, тиімді кері байланыс орнату.
Сабақтың соңы	Жаңа білім мен тәжірибені қолдану Топтық жұмыс. «Галлерияда ой шарлау» Берілген тақырыпта топтық жұмысы жүргізіліп, әр топтың жұмысы қабырғаға ілінеді де, оқушылар жүріп, аралап, оған әр оқушылар кішкене жапсырма қағазға бағасын беріп, пікірін жазып жабыстырып кетеді. Ең жақсы баға алған топтың жұмысы қаралады. ҚБ: Бағдаршам көздері арқылы бір-бірін бағалау. «Ойлан, Жұптас, Пікірлес» Оқушыларға қандай да болмасын сұрақ, тапсырма берілгенен кейін оларды тыңғылықты орындауға бағытталған интербелсенді тәсіл. Тақтада сұрақ/тапсырма жазылғаннан кейін әрбір оқушы жекеше өз ойлары мен пікірін берілген уақыт ішінде (2-3 минут) қағазға түсіреді. Содан кейін оқушы жұбымен жазғанын 3-4 минут талқылайды, пікірлеседі. Мұғалімнің екі-үш жұпқа өз пікірлерін бүкіл сыныпқа жариялауын сұрауына болады. (ҚБ) “Екі жұлдыз, бір тілек” әдісі.	Тапсырманы орындаған оқушыны мадақтау, толықтыру жасау, тиімді кері байланыс орнату.

Рефлексия	Рефлексия (жеке, жұпта, топта, ұжымда) «Алма ағашы» кері байланыс	Қызыл алмаға сабақтан алған әсерін, білімін жазады. Сары алмаға сұрағын жазады.
-----------	---	--